

Бекітемін»  
№43 «Гүлдәурет» балабақшасы  
менгерушісі: *Шоқпарова К.Т.* Шоқпарова К.Т.



## «Қош келдің Жаңа Жыл»

«Қарлығаш» ересек тобы

Ән жетекшісі: Сатиева Ж.К.  
Тәрбиешілер: Капатбаева Г.Р.  
Серикова Д.Б.

Ақтобе 2025 жыл

*Құтты болсын, Жаңа жыл!*

(балалар көңілді музыкамен поровоз болып залға кіреді, екі жақтан)

**Жүргізуші: Гүлзат Р.**

Қош келдіңіз бүгінгі Жаңа Жыл кешімізге

Жаңа табыс тілейміз ісімізге,

Келе жатқан Жаңа Жыл құт әкелсін.

Мына отырған барша жан бәрімізге

**Жүргізуші: Динара Б.**

Секілді ақ тілекті, ақ көгершін

Жаңа жыл әрбір үйге бақ бөп еңсін

Шаттық пен денсаулықты ала келсін

Жаңа жыл жақсылыққа тола келсін!

**Жүргізуші: Гүлзат Р.**

Құрметті апа-аналар! Қонақтар, балалар Келе жатқан 2026 Жылқы жылы құтты болсын!

Жаңа Жыл әр отбасының шаңырағына жаңа бақыт, толағай табыс, зор денсаулық,

береке- бірлік әкелсін! Жаңа жылға арналған әнімізді қабыл алыңыздар!

**Хор: «Ахәу Жаңа Жыл»**

**Жүргізуші: Гүлзат Р.**

- Балалар шыршаны қараңдаршы қандай әдемі?

Бүгін бізде Жаңа жыл мерекесі, бізге қонаққа Ақшақар мен Аяз Ата және орман аңдары келу керек еді, неге олар кешігіп жатыр екен? Әлде біздерді таба алмай адасып жүрме екен.

- Жүріңдер балалар олай болса біз оларды орманға барып іздеп көрейік?

Музыка ойналады, балалар орманға бара жатқандай қималдар жасайды, музыка тоқтағанда:

- Міне балалар біз орманға келіп қалдық! Ақшақардың үйі қайда екен?

**Жүргізуші:**

- Өзі аппақ ұлпа қармен жамылған әдемі үй екен, үйдің қасына барып есігін қағайын  
(Қонырау соғылды үйдің ішінен Ақшақар пшағадм)

**Ақшақар:** - Сәлеметте, балалар! Сендер орманда не істеп жүрсіңдер ?

**Жүргізуші:** Ақшақар біз сені Жаңа жыл мерекесіне шақыра келдік, сендер келмегесін біздер алаңдап іздеуге жолға шықтық.

**Ақшақар:** - Ой, балалар рахмет мені шақырғандарыңа. Мен сендермен бірге Жаңа жыл мерекесіне барамын.

Ендеше жүріңдер, балалар жолдан басқа да орман аңдарын ала кетейік?

Музыка ойналады, балалар орманға бара жатқандай қималдар жасайды, музыка тоқтағанда:

**Жүргізуші: Г.Р.** - Балалар міне біз қоянның үйіне келдік. Үйдің жанына барып есігін қағайын

Қояндардар қорқып, бір-бірінің артынан тығылып шығады.

**Ақшақар:**

- Қояндар, қорықпаңдар! Біз – балалар мен Ақшақармыз.

**1-қоян Айсафи: (үрейленіп):**

- Ой, бұл қайдағы дыбыс? Бізге біреу келді ме?

**2-қоян Ясина: (сығалап):**

- Кім екен келген? Біз қорқып тұрмыз...

**Ақшақар (жылы дауыспен):**

- Жок, қорықпаңдар, қояндар! Біз сендерді Жаңа жылдық шыршаға шақыруға келдік.

**3-қоян Сымбат: (таңырқап):**

- Шыршаға ма? Шын айтасыңдар ма?

**Балалар:**

– На, на! Қояндар жүріңдер! Жаңа Жылды бірге тойлайық

**4-қоян Танинур:(қуанып):**

– Онда кеттік! Достарым! Жаңа жылды бірге қарем алайық!

Музыка ойналады, балалар орманға бара жатқандай қимылдар жасайды, музыка тоқтағанда:

**Жүргізуші: Г.Р. -** Балалар міне біз аюдың үйіне келдік. Үйдің жанына барып есігін қағайын.

**Ақшақар (жай дыбыспен):**

– балалар, аюлар қаның ұйқыда жатыр екен.

– Аюлар, ояныңдар! Біз сендерді Жаңа жылдық шыршаға шақыруға келдік!

**Аюлар: -** Бұл кім, бізді тәтті ұйқымыздан оятқан.

(Көздерін уқалап үйінен шығады)

**1-Аю: Ислам:(ұйқылы түрде):**

– Ухх... кім менің тәтті ұйқымды бөлді?

**Балалар:**

– Біз – балалар. Жаңа жылға сендерді шақырып келдік.

**2-Аю: Алинур(созылып):**

– Жаңа жыл дейсіңдер ме? Біз әлі ұйықтап жатыр едік қой...

**3-Аю: Неманл:(қызығып):**

– Шырша ма? Аяз ата да келе ме?

**Жүргізуші:**

– Келеді Аяз ата!

**4-Аю: Рақымжан:(қуанып орнынан тұрып):**

– Онда тез жиналайық! Достарым ! Жаңа жылды бірге тойлайық!

**Жүргізуші:**

– Жарайсыңдар, аюлар! Жүріңдер, бізбен бірге шыршаға!

Музыка ойналады, балалар орманға бара жатқандай қимылдар жасайды, музыка тоқтағанда:

Ортада қасқырлар үйлерінде отырғандай отырады өзара әңгімелесіп

**1-Қасқыр:Алтынбек:**

– У-уф! Қарнымыз әбден ашты!

**2-Қасқыр:Серік:**

– Әрі аш, әрі ашулы болып отырмын!

(Ақшақар мен балалар аңдар жақындайды.)

**Ақшақар:**

– Сәлем, қасқырлар! Неге ашулысыңдар?

**3-Қасқыр: Қайнар:**

– Қарнымыз аш...

**Жүргізуші:**

– Бүгін – **ЖАҢА ЖЫЛ!** Жаңа жылды тойлайымыз!

**4-Қасқыр Ертұмар:(қуанып):**

– Ендеше достарым! Кеттік Жаңа жылға тойлауға барайық.

**Ақшақар: -** Балалар мен түлкінің де үйін білемін, жолдан түлкіні де ала кетейік.

Музыка ойналады, балалар орманға бара жатқандай қимылдар жасайды, музыка тоқтағанда:

**Жүргізуші: Г.Р. -** Мынау балалар түлкінің үйі. (Үйдің қасына барып есігін қағады)

Балалар түлкі үйінде жоқ екен. Енді неістейміз! Босқа тұрмай Жаңа Жылды тойлай берейік!

(Шыршаның алдында айналып таңырқап түлкілер жүреді)

**Авз аты:**

- Рахмет саған, жылқы!

### **СЫЙЛЫҚ ТАРАТУ**

- Ал енді, бабалар, сыйлықтарыңды алыңыздар!  
(Сыйлықтар таратылады.)

**Авз аты:**

- Балаларым! Ата-аналар! Қонақтар!

- Биылғы Келін жатқан Жылқы жылы 2026 жыл күтты болсын!

- Жаңа жыл әр отбасыға күт берсеңе әкелсін! Деніңіз сау болсын! Бапалаңдарымыз ауырмасын! Жаңа жылдарыңызбен!

**Ақшынқар:**

- Жаңа Жылдарыңыз күтты болсын! Жаңа жыл жипсылық алып келсін!

**Авз аты:**

Ақшынқар қазыны басық да бабалар күтін отыр жұр жоңға шығайық, бартаңи бапбақшымыз бар. Сау болыңдар бабалар!

**Жүрттүші:**

**Сау болыңыз Авз аты!**

- Құрметті бабалар, ата-аналар!

- Бүгін бәз күшті, көңілді, пажайып ертеңсіздік өткіздік.

- Келе жатқан Жаңа жыл барысыңызға күншіл, денсаулық, бақыт әкелсін!





«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ  
№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

«Бекітемін»  
№43 «Гүлдәурен» балабақша  
менгерушісі:   
Шокпирова К. Т.

Жаңа жыл ертеңгілігі  
Тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!»  
«Таңшолпан» тобы

Тәрбиешілер: Сағынтаева А. Ж.  
Абдуалиева Д. С.

2025-2026 оқу жылы

*(Сахна сыртында боранның үні ... Бірте бірте басылып балалардың күзкісі естіледі.*

*Осы кезде залға Әли мансур, Айсезім, Али, Алия қарларын домалатып әуенмен кіріп сөздерін айтады.)*

Али мансур: Қараңдаршы достар, біз боранмен жеттік. Бірақ жана жылдың қызығы ешқандай аяздан қорықпайды!

Али: Біз мынадай аппақ үлкен қарды домалатып әкелдік. Таза жарық жана күндердің белгісі сияқты достар!

Алия : Достар, биылғы жыл бәрімізге қуаныш, денсаулық және армандардың орындалуын әкелсін деп тілейміз.

Айсезім: Олай болса барлығымызға жана жыл құтты болсын! Әр отбасыға шаттық пен бақыт тілейміз.

**Төртеуі бірге: Жана жыл құтты болсын!**

Айсезім: Али мансур, Али, Алия білесіздер ме біз шақырған ертеңгілікке «Таншолпан» тобындағы достарымызда келеді.

Алия: Иә бәріміз бірге көңіл көтеру үшін достарымызды жылы қарсы алайық!

Али мансур: Алақай ! Мерекеміз басталу үшін ең керемет сәт достарымыздың қосылуы.

Али: Ендеше бәріміз дайын болайық!

*(Осы кезде муз қосылады, қалған балалар қолдарында қарлары бар билеі кіреді.)*

**Би: «Көңілді қарлар» (барлығы бірге)**

Медина: Достар, шақырғандарыңызды естідік! Бізде жана жылдық мерекеге қосылуда асығып келдік. Солай емес пе достар!

Нуртаева Асылым: Шырша қандай әдемі! Достар қараңыздаршы .

Бізде жана жылды бірге қарсы алуға келдік.!

Әнде бар, биде бар көңілде шат.

Орындарынан тұрып хормен:

Жана жыл құтты болсын!

Мерекеміз басталсын!

**(Фанфара қосылады біздер шығамыз)**

Динара: Қымбатты ата аналар, әріптестер, сүйкімді балалар! Бүгінгі күн қуанышқа толы жалтыраған ақ қардай аппақ үміт сыңлайтын ерекше мереке.

Ақлез: Дұрыс айтасыз Динара Абдуалиқызы ертеңгілігіміз жана жылдық гажайыптар, шаттыққа толы күлкілер мен жылы тілектердің мерекесі. Әр жүрек қуанышқа толсын, әр сәт ерекше болсын деп сөз кезегін балабақшамыздың менгерушісі: Күлсім Түлембаеваға берсек.....

Динара: Бүгін бізде алда сиқырлы әндер, көңілді билер мен тосын сыйлар күтіп тұр.

Ақлез: Ендеше бәріміз бірге бұл жылды жарқын үміт, жаңа бастама, жаңа табыстар жылы болсын!

Динара, Ақлез: **Ертеңілігіміз басталды! Көңілдеріңіз жайнап, күліп отырыңыздар.**

Дара: Қадірлі қонақтар, біздің мерекемізді жарқырататын керемет өнер ұсынамыз.

Достарымның орынлауында көңілді де әсем хор

**«Кел, Жаңа жыл» қабыл алыңыздар!**

Каусар: Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басыңда әсем жұлдызы

көз тоймайды қараса.

Асия: Шыршамызда қаншама

Түрлі түсті шырақтар.

Күлгін түсті тоқаштар,

Жарқыраған алтын бар.

Асылмайым: Каусар, Асия шырша туралы керемет жылы сөздер айтып

бердіңіздер бірақ шыршамыз әлі шамдарын жақпады. Шыршамыз көңілсіз не істейміз достар?

Динара: Мен білемін, ол үшін шыршамызға мына сиқырлы сөзді айтуымыз керек сонда ғана шырша шамы жарқырай түседі. Қане достар қайталап бірге айтайық.

*( Барлығы орындарынан тұрып 3 рет ....)*

Қуант бізді табырқат,

Шамдарыңды жарқырат.

Динара: Жарайсыңдар! Сиқырлы сөздің көмегі шыршамызды жарқыратып жіберді.

Осы жаңа жылда бізге кімдер қонаққа келуші еді?

Балалар жауабы: Аяз ата, Ақшақар

Динара : Олай болса, бәріміз дауыстап шақырайық.

Аяз ата , Ақшақар а у у а у у (Зрет)

*( екеуінің лед экраннан келе жатқан видеосы қосымша тұрады)*

Аяз - атаның сөзі:

Ақшақардың сөзі:

Динара: Қош келдіңіздер! Жолдан шаршыған боларсыздар, сәл демалып, мын балалардың өнерлерін таманаланыңыздар!

Бізге құтты жыл болсын!

\*\*\*\*\*

Айлин: Тамаша сый алып,

Келді аяз атамыз.

Шаттанып, қуанып,

Шырқап ән айтамыз

Имран: Жана жылым мол босын!

Басқан қадам оң болсын.

Төрле, төрле жана жыл,

Бізге құтты жыл болсын!

Сұлу: Аяз - ата мен Ақшақар сіздерге менің достарым жана - жылдық аспаптармен ерекше өнер тарту етіп, қуанышпен жақсылыққа толы мереке сыйлайды.

### «Ғажайып аспаптар»

*(Ержан, Султан, Ибрахим, Димаш, Айлин, Арман, Сержан, Әли, Ахмад, Жанат)*

Ақлез: Жұмбақ жасыру

Төрт түннен зырлайды,

Желдей болып, жорғалайды.

Адаммен дос серігі,

Бұл қай жануар екенін табайықшы.

Балалар Жауабы: Жылқы

Ақлез: Шешуін дұрыс таптыңыздар! Жылқы желдей жүйіткігенде оның жүрегі 250 рет соғады! Сондай шапшаң, әдемі жануар, әрі биылғы жыл қонаққа келді.

*(Бед экранға назар аударсаңыздар! жылқының құтықтау сөзі тыңдалады, жылқының жүрісінің дыбысы қосылып залға жылқы келіп айналып шығып кетеді.)*

Сұлу: Қонақтар, достар жылқының сиқырлы дүбірі залымызды қуатқа толтырды. Келесі кезекте жұмсақ қимылымен, нәзік жүректерімен мерекенің сәнін кіргізетін қыздардың жана жылдық биін тамашалаңыздар!

Би: «Джингл бенс»

*(Н. асылым, Медина, Асылайым, Сұлу, Аянат, Асия, Райна.)*

Динара: Қымбатты ата аналар балалар біздің көңілді би мерекемізге ерекше жылулық сыйлады.

Ақлез: Ал, енді тыңдап көрелік....

Сіздер сездіңіздер ме? Ауада бір әуен қалықтап келе жатқан сияқты.

Жана жылдың қоңырауы сыңғырлап бізді хор әлеміне шақырып тұрғандай.

Олай болса, не тұрыс

Хор: «Құтты болсын жана - жыл!»

*(Барлығы қол ұстасып ортаға шығып айтады, қар  
шашамыз екі жақтан)*

Аяз ата, Ақшақар сыйлықты табыстау, қоштасу сөздерін айтып шығып кетеді.

Динара: Қымбатты ата аналар, әріптестер, бұддіршіндер! Біздің жаңа жылды ертеңгілігіміз, керемет сиқырлы ғажайып қонақтарымыз Аяз ата мен Ақшақар келіп сыйлықтарын табыстады.

Ақлез: Би, хор жылы лебіздер қуаныш пен күлкі бәрі біздің ертеңгілігімізді әдемі етіп көркейтті берді. Енді бәрімізге Жаңа жыл, бақыт, жаңа қуаныш әкелсін.

Ақлез, Динара: **Қуаныштарыңыз көп болсын, армандарыңыз орындалсын!  
Жаңа жыл құтты болсын!!!!**

